

8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| №  | Өлшем шарттар  | Өлшем шарттарға сәйкестігі нұсқаларының сызу)   | (жауап бірін Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)   |
|----|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>1.1. «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді.</p> <p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Қазақстан халқына «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында білім беру саласының маңызды рөлі айқындалып, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері бойынша білім беру бағдарламалары мен оқу материалдарын әзірлеу, педагогтердің жасанды интеллект технологияларын меңгеру құзыреттілігін қалыптастыру нақты тапсырма ретінде белгіленген; сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы бойынша бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы сияқты білім беру саласын дамытуға арналған еліміздің мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарында болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби даярлығын дамыту мәселелері басты міндеттер қатарына қойылуы зерттеудің білім мен ғылымды дамытудағы бағдарламаларға сәйкестігі болады. Осыған орай, К.М. Баймухамбетованың Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты диссертациясы өзекті деп танылады.</p> |

|    |                               |   |   |
|----|-------------------------------|---|---|
|    |                               | <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p> | <p>3) К.М. Баймухамбетованың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім беру және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты: 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.</p>   |
| 2. | <p>Ғылым үшін маңыздылығы</p> | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b>/ашылмаған.</p>  | <p>Докторанттың диссертациялық зерттеуі барысында алынған ғылыми және практикалық нәтижелер педагогика ғылымының даму бағыттарына өз үлесін <b>қосады</b> және ғылым үшін маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p><i>Біріншіден</i>, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p><i>Екіншіден</i>, Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен құрылымын нақтылау барысында ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға арналған құрылымдық-мазмұндық модель жасалған. Ұсынылған модельде даярлау үдерісінің компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері, жүзеге асырудың әдістемелік жүйесі, оқыту формалары, оқыту әдістері мен инновациялық технологиялары, күтілетін нәтижелері өзара сабақтастықта жүйеленіп, білім беру процесінің құрылымдық логикасы ғылыми тұрғыда негіздеуде ғылымға елеулі үлес <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p><i>Төртіншіден</i>, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық</p> |

|    |                   |   |   |
|----|-------------------|---|---|
|    |                   |   | <p>кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалған. Бұл жүйе қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда теориялық және практикалық жағынан құнды болып табылады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізіп, тиімділігін дәлелдей алған. Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсыныстар зерттеу тақырыбының практикалық мәнін арттырып, оны білім беру жүйесіне енгізуге мүмкіндік береді және ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған.</p>   |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:<br/><b>жоғары:</b><br/>1) жоғары<br/>2) орташа;<br/>3) төмен;<br/>4) өзі жазбаған.</p>   | <p>Докторант К.М. Баймухамбетова өзі жазу жоғары деңгейін ұстанған. Себебі, докторанттың диссертацияны жазу барысында материалды құрылымдау, талдау және жинақтау деңгейі жоғары екені байқалады. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың мазмұны белгілі бір жүйеде анық және түсінікті ғылыми стильде жазылған. Докторант зерттеу тақырыбына қатысты теориялық тұжырымдары жан-жақты қарастырып, оларға қатысты оқу материалдарын, зерттеулерді шынайы талдап, мазмұнында өзіндік тұжырым мен қорытынды пікірін түйіндеп беріп отырған. Зерттеу барысында пайдаланылған деректер жүйелі түрде өңделіп, ғылыми мазмұндық логика бұзылмай ұсынылған. Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми зерттеулерге сілтемелер жасау арқылы расталған. Негізгі ойлар дәл әрі түсінікті түрде өрілген.</p> |
| 4. | Ішкі принципі     | <p>бірлік</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br/>1) негізделген;<br/>2) ішінара негізделген;<br/>3) негізделмеген.</p>   | <p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды негіздеуде анықталған қарама-қайшылықтар, ғылыми болжамда, қағидаларда дәлелденіп, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемелік жүйесін әзірлеуге негізделген.</p>   |
|    |                   | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, тақырыбын айқындайды: әр бөлім 3 тараудан, қорытындыдан,<br/>1) айқындайды;<br/>2) ішінара айқындайды;<br/>3) айқындамайды.</p> | <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, тақырыбын айқындайды: әр бөлім 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен</p>   |

|                               |  |  |
|-------------------------------|--|--|
|                               |  | практиканың бірлігін көрсетеді.  |
|                               | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Докторант ұсынған мақсат мазмұндық тақырыбына сәйкес жағынан дұрыс негізделген, ал төрт ғылыми міндет өзара логикалық байланыста айқындалып, зерттеу барысында жүйелі түрде орындалған. Бұл міндеттердің шешілуі алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін дәлелдейді. | Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Докторант ұсынған мақсат мазмұндық тақырыбына сәйкес жағынан дұрыс негізделген, ал төрт ғылыми міндет өзара логикалық байланыста айқындалып, зерттеу барысында жүйелі түрде орындалған. Бұл міндеттердің шешілуі алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін дәлелдейді. |
|                               | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:  | Диссертацияның құрылымы мен бөлімдері өзара логикалық бірлікте толық байланысқан. Жұмыстың мазмұны бөлімдер арасындағы сабақтастықты сақтай отырып берілген. Зерттеу жұмысы біртұтас ғылыми жүйе ретінде құрылған. Диссертант өзара тәуелді көрсеткіштерді орынды қолданып, алынған нәтижелерді терең талдауы жұмыстың ғылыми тұтастығын қамтамасыз етеді.                   |
|                               | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  | Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде   |
| 5. Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?   | Докторант К.М. Баймухамбетованың зерттеу барысында ұсынған ғылыми нәтижелері толығымен жаңа екенін көрсетеді.  |
|                               | 1) толығымен жаңа;   | Бірінші ғылыми нәтиже – қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен маңызды, болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұнын жаңғыртуға және педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал етеді және толығымен жаңа екендігін көрсетеді.                              |
|                               | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);   | Екінші ғылыми нәтиже – қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау   |
|                               | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).   |  |

түсінігінің мазмұны мен құрылымының нақтылануымен маңызды, қазақ тілін оқытуда мұғалімнің кәсіби ойлауын, оқыту стилін және цифрлық технологияларға негізделген білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды. Бұл нәтиже де **толығымен жаңа** болып табылады.

*Үшінші ғылыми нәтиже* – қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуімен маңызды, модельдің компоненттері мен өлшемдерін оқу үдерісінде қолдану жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруға және болашақ мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін дамытуға бағытталады. Ұсынылған модель педагогикалық теория мен тәжірибеде бұрын болмағандықтан **толығымен жаңа** деп есептеледі.

*Төртінші ғылыми нәтиже* – әдістемелік жүйенің дайындалып, оның тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріп, нәтижелерін сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер арқылы дәлелденуімен, ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуімен маңызды, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби даярлық деңгейі сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер бойынша оң өзгеріс динамикасымен айқындауы төртінші ғылыми нәтиженің **толығымен жаңа** екендігінің дәлелі.

Куралай Мыктыбековна Баймухамбетованың диссертациялық жұмысының қорытындылары теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдістеменің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен **толығымен жаңа** болып саналады.

Диссертацияның қорытындылары келесідей: *Бірінші қорытынды бойынша* Мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар, кәсіби стандарттар және нормативтік-құқықтық құжаттар талдана отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың қажеттілігі мен өзектілігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?

- 1) **толығымен жаңа**;
- 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);
- 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

|   |   |  |   |
|---|---|--|---|
|   |   |  | <p>жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p><i>Екінші қорытынды бойынша</i> ғылыми терминдер мен ұғымдардың мазмұны нақтыланып, оларды педагогикалық айналымға жаңа түсінікте енгізу жүзеге асқан. Докторант білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысында негізгі категориялар болатын қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мазмұны мен құрылымының мәнін нақтылауы <b>толығымен жаңа</b> болады.</p> <p><i>Үшінші қорытынды бойынша</i> қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған. Модель құрамындағы мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттердің өзара байланысы, олардың өлшемдері мен деңгейлері, көрсеткіштері ғылыми негізделген. Ұсынылған модель <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p><i>Төртінші қорытынды бойынша</i> қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі әзірленген. Құрамына арнайы курстың мазмұны, заманауи әдістер, инновациялық технологиялар мен қазақ тілін оқытуда берілетін практикалық тапсырмалар енгізілген. Оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелденуі <b>толығымен жаңа</b> деп есептеледі.</p> |
|   | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері және негізделген бе?</p>  | <p>Диссертант ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша әзірленген ғылыми-тәжірибелік шешімдер <b>толығымен жаңа</b> әрі негізделген деп бағаланады.</p> | <p>1) <b>толығымен жаңа</b>;<br/> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br/> 3) жаңа емес (жаңасы жұмыс нәтижелерімен, ғылыми 25%-дан кем).<br/> Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>   |
| <p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> | <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research негізделген және талдаулар арқылы нақтылығы расталған. өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p> | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.</p>  |   |

|    |                      |  |   |
|----|----------------------|--|---|
|    |                      | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>Диссертацияда ұсынылған қағидаттар мен негізгі ережелердің толық <b>дәлелденгені</b> анық байқалады. Әрбір ереже зерттеудің мақсаттары мен міндеттерінен логикалық түрде туындайды және алынған эксперименттік нәтижелермен расталған.</p> <p>Ұсынылған ғылыми қағидаттар <b>тривиалды емес</b>. Докторант қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін жаңа қырынан қарастырып, педагогикалық практикада бұрын жүйеленбеген аспектілерді теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеп берген. Зерттеуде алынған ғылыми нәтижелердің әрқайсысы зерттеу міндеттерімен тығыз байланысты және олар педагогикалық ғылымға <b>жаңа</b> мазмұн қосады. Сондықтан ұсынылған қағидаттар мен ережелердің жаңашылдығы толықтай дәлелденген.</p> <p>Диссертация нәтижелерінің қолданылу аясы <b>кең</b>. Ұсынылған әдістемелік жүйе жоғары оқу орындарының «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларына, біліктілікті арттыру орталықтарына, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығына тікелей енгізуге болады. Зерттеу нәтижелері халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (WoS, Scopus), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Сапа комитеті ұсынған журналдарда, шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектермен <b>расталған</b>. Барлығы 16 ғылыми жұмыс жарық көрген, оның ішінде: 1 мақала – Scopus/WoS базасындағы журналда; 4 мақала – Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда; 10 мақала – шетелдік және отандық басылымдарда халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында; 1 оқу құралы әзірленген; 1 авторлық куәлік алынған.</p> <p>Бұл көрсеткіштер зерттеу ережелерінің ғылыми негізділігін және жарияланымдар арқылы дәлелденгенін толық айғақтайды.</p> <p>Жалпы алғанда, диссертацияда ұсынылған қағидаттар, әдістемелік шешімдер мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан негізделген, тәжірибеде тексерілген және ғылыми жарияланымдар арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелерінің жаңашылдық дәрежесі жоғары, қолдану аясы кең, педагогикалық практика үшін құндылығы айқын.</p> |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе   | <b>Ия.</b> Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның диссертациялық жұмысында  |

|  |  |       |   |
|--|--|-------|---|
| Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | мен әдіснама жазылған:<br>1) <b>иә</b> ;<br>2) жок.  | нақты | <p>қолданылған әдіснаманың толық негізделгенін және ғылыми талаптарға сәйкес рәсімделгенін көрсетеді. Зерттеу барысында жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, акмеологиялық және инновациялық тұғырларды басшылыққа алынуымен негізделген. Зерттеу жұмысының әдіснамалық базасын құраудағы қарастырылған әдіснамалық тұғырлармен сабақтастықта танылатын жүйелілік, іс-әрекет арқылы үйрету, кәсіби жетілуге ұмтылу, теория мен практиканың бірлігі, цифрлық әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алған.</p> <p>Бұл әдіснамалық негіздер болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін оқытуда әдіснамалық тұғырларын, құндылық-мақсатқа бағдарланған көзқарастарды, заманауи әдістерді және инновациялық технологиялардың тұтастығын бұзбай үйлесімді қолдануға мүмкіндік береді.</p>   |
|  | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) <b>иә</b> ;<br>2) жок.                           |       | <p><b>Ия.</b> Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге ғылыми-теориялық талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, салыстыру, нақтылау, модельдеу т.б.); эмпирикалық әдістер (диагностика, педагогикалық бақылау, сауалнама, тест, математикалық-статистикалық өңдеу, нәтижелерін графикалау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістері қолданылған.</p>  |
|  | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент дәлелденеді):<br>1) <b>иә</b> ;<br>2) жок. |       | <p><b>Ия.</b> Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар тәжірибелік-эксперименттік арқылы дәлелденген және расталған.</p> <p>I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттерінде «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттеріне жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының қосымшаларында ұсынылған ендіру актілерімен расталынған.</p> <p>К.М. Баймухамбетованың диссертациясында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа барлығы 123 студент қатысқан, оның ішінде 62 студент бақылау тобына, 61 студент эксперименттік топқа бөлінген. Алынған нәтижелер эксперименттік жұмыстың оң</p> |

|   |   |   |   |
|---|---|---|---|
|   |   | динамикасын көрсетіп, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдейді.   |   |
|   | 8.4 Мәлімдемелер және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u> .                           | Маңызды нақты ғылыми ішінара<br>Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, Scopus және Web of Science деректер базасына енетін журналдардағы жарияланымдар және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы ғылыми материалдарға сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b> . |   |
|   | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.  | Әдіснамалық негіздерін ашуға толық <b>жеткілікті</b> деп бағаланады. Жұмыста жалпы саны 155 дереккөз қамтылған. Олардың барлығы ғылыми тұрғыдан сенімді, тақырыпқа сәйкес және зерттеу міндеттерін орындауға қажет ақпараттық базаны қамтамасыз етеді.  |   |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты   | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) <b>бар</b> ;<br>2) жоқ.  | <b>Диссертацияның теориялық маңызы бар.</b><br>Атап айтар болсақ:<br>- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;<br>- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мазмұны мен құрылымы нақтыланды;<br>- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;<br>- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелденді.<br>- |
|   | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану <b>мүмкіндігі жоғары</b> :<br>1) <b>ия</b> ;<br>2) жоқ. | <b>Диссертацияның практикалық маңыздылығы:</b><br>- «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, тәжірибеден өткізілген.<br>- «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілген. Авторлық куәлік алынған. Оқу құралы жоғары оқу орындарында білім  |   |

|     |  |   |
|-----|--|---|
|     |  | <p>алып жатқан бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі студенттеріне, магистранттарға, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.</p> <p><b>Ия.</b> Алынған нәтижелерді практикада қолдану <b>мүмкіндігі жоғары</b>, яғни алынған нәтижелерді болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары және кәсіптік педагогикалық оқу орындарының білім беру үдерісінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруда қолдануға болады.</p>   |
|     | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады</p> <p>1. Жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру бағдарламаларына болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» элективті курсты енгізу - деген ұсынысы <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>2. Болашақ мұғалімдердің инновациялық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында педагогикалық практика бағдарламаларын қайта қарастырып, практика барысында инновациялық сабақ модельдерін әзірлеуде жасанды интеллектке негізделген тапсырмалардың мазмұндық үлгілерін ұсыну – деп берілген ұсынысы <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>3. ЖОО қазақ тілін оқытудағы инновациялық тәжірибелермен байланыстыру ұсынылады, яғни студенттердің инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған қазақ тілінен шеберлік сыныптары, педагогикалық воркшоптар, ғылыми жобалар және тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру деген ұсынысы <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>4. Инновациялық кәсіби іс-әрекет нәтижелілігін арттыру үшін білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындары арасында серіктестік байланыстарды күшейтіп, мектеп–ЖОО интеграциясы негізінде тәжірибе алмасу алаңдарын құру – деп берілген ұсынысы <b>толығымен жаңа</b>.</p> |
| 10. | <p>Жазу және ресімдеу сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b>жоғары</b>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>    | <p>Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b>. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді сілтемелерді орынды қолданған.</p> <p>Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>  |

|     |  |  |  |
|-----|--|--|--|
| 11. | Диссертацияға ескертулер   |  | <p>Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен, жұмыстың мазмұндық нақтылығын одан әрі арттыру мақсатында төмендегі ұсыныстарды назарға алу орынды деп санаймын.</p> <p>1) Диссертацияның теориялық бөлімінде қарастырылған ұғымдар мен ғылыми тұжырымдар жеткілікті деңгейде қамтылғанымен, кейбір авторлардың көзқарастарына диссертанттың өзіндік ғылыми талдауы мен салыстырмалы бағалауы тереңдетіле түссе, зерттеудің теориялық маңыздылығы арта түсер еді.</p> <p>2) Қалыптастырушы кезеңде қолданылған әдістер мен технологиялардың сипаттамасы берілгенімен, оларды жүзеге асыру алгоритмі мен нақты педагогикалық жағдайларда қолдану жолдары қысқаша мазмұнда берілген, осы ретте автор дайындаған әдістеме мазмұны толықтай ашыла түссе, жұмыстың практикалық тұрғыдағы мәні жоғарылар еді;</p> <p>3) Орындалған диссертациялық зерттеудің мазмұны мен әдістемелік жүйесін келешекте кеңейтіп, толықтыра отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне арналған монография түрінде жариялау орынды деп есептеймін. Бұл жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңызын арттыра түседі.</p> <p>Берілген ұсыныстар диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығын төмендетпейді, тек кеңес ретінде ұсынылады.</p> |
| 12. | <p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр</p> |  | <p>Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 ғылыми еңбек жариялаған. Жарияланған мақалалар зерттеу тақырыбының өзектілігін толық ашады және жоғары ғылыми деңгейге ие. Ұсынылған әрбір мақала ғылыми деректер мен зерттеу нәтижелерін терең талдауға мүмкіндік бере отырып, тақырыпты жан-жақты ашады, нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар ұсынады. Мақалалардың ғылыми мазмұны мен сапасы диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбын толық ашады. Әрбір мақала нәтижелері қазіргі білім беру саласындағы ғылыми жаңалықтарға сүйеніп жазылған, ол өз кезегінде жұмыстың ғылыми мәнін арттырады.</p>   |

|     |   |   |
|-----|---|---|
| 13. | <p>мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p> <p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p> | <p>8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты: 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.</p> |
|-----|---|---|

Ресми рецензент:  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты



М.А.Ермекбаев

ҚОЛЫН РАСКІМДІ

ЖЖ бөлімінің басшысы